

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің есептілікті ұсыну қағидаларын және есептілік нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 229 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 қазанда № 8855 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 315 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы және "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері есептілігінің мынадай нысандары бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы туралы мәліметтер;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қызметінің түрлері туралы мәліметтер;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк

холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушылары (акционерлері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер, сондай-ақ үлестес тұлғалар туралы, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысын, банк холдингін, сақтандыру холдингін бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысын, банк холдингін, сақтандыру холдингін бақылайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы мәліметтер;

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша байланысқан, оның ішінде үлестес тұлғалармен есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы мәмілелер туралы есеп және байланысқан, оның ішінде үлестес тұлғалар тізілімі;

7) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау бойынша жұмыс кестелері;

8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысына, банк холдингіне, сақтандыру холдингіне тиесілі банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акциялары санының пайыздық ара қатынасының өзгеруі туралы мәліметтер, сондай-ақ акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері;

9) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысына тиесілі банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акциялары санының пайыздық ара қатынасының өзгеруі туралы мәліметтер, сондай-ақ акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері;

10) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру тобы қатысушыларының үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы сақтандыру тобының меншікті капиталынан он және одан көп пайызды құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы барлық міндеттемелері туралы мәліметтер;

11) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру тобының есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы топ ішілік мәмілелері.

3. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7607 тіркелген, 2012 жылғы 21 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде № 405-409 (27483) жарияланған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандағы № 97 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігінің төрағасы

Ә.Смайылов

2013 жылғы 25 қыркүйек

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 229 қаулысымен
бекітілген

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің есептілікті ұсыну қағидалары

1. Осы Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің есептілікті ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің есептілігі уәкілетті органға қағаз тасымалдағышта және (немесе) электрондық форматта ұсынылады.

3. Қағаз тасымалдағыштағы есептілік қолма-қол немесе почта операторы арқылы ұсынылады. Есептілік почта операторы арқылы ұсынылған жағдайда почта штемпелінде көрсетілген жіберу күні ұсыну күні болып табылады.

Электрондық форматтағы есептілік ұсынылып отырған деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдікпен жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

4. Бір мезгілде басқа банктің және (немесе) басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болып табылатын жеке тұлға - банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы уәкілетті органға мәліметтерді және өзі ірі қатысушы болып табылатын басқа банк және (немесе) басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бойынша мәліметтер ескеріле отырып жасалған есепті кезеңдегі ақпаратты бір данада ұсынады.

5. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің қаржылық есептілігіне есеп саясаты қоса беріледі.

Осы тармақтың талабы қаржылық есептілік уәкілетті органға алғаш рет ұсынылған жағдайға, сондай-ақ есеп саясатына өзгерістер енгізілген кезде қолданылады.

6. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау әдістерінің толық сипаттамасы, ақпаратты толық ашу және банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржылық есептілігіндегі баптарды талдау үшін қажет шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау бойынша жұмыс кестелері қоса беріледі.

Банк конгломератының (сақтандыру тобының) құрамына кіретін банк холдингі (сақтандыру холдингі) шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау бойынша жұмыс кестелерін ұсынады.

7. Қазақстан Республикасының резиденттері емес банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі уәкілетті органға аудиторлық ұйым растаған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі шоғырландырылған, бар болған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны ұсынады.

Түсіндірме жазба өзі орналасқан жердегі елдің тиісті қадағалау органының талаптарына сәйкес жасалады.

8. Егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі уәкілетті органға есепті кезеңдегі есептілікті ұсынған болса, Банктер туралы заңның 54-1, Сақтандыру қызметі туралы заңның 74-1-баптарында көзделген есептілікті уәкілетті органға ұсыну талап етілмейді.

Көрсетілген есептіліктің ұсынылғанын растау үшін банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі есепті кезеңдегі есептілік ұсынылған хаттың (хаттардың) деректемелерін көрсете отырып, уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлайды.

9. Бір мезгілде банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі және (немесе) басқа банктің және (немесе) басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі

қатысушысы болып табылатын заңды тұлға уәкілетті органға Банктер туралы заңның 54-1, Сақтандыру қызметі туралы заңның 74-1-баптарында көзделген, өзі ірі қатысушы және (немесе) банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын басқа банк және (немесе) басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бойынша мәліметтер ескеріле отырып жасалған, талап етілген кезеңдегі есептілікті бір данада ұсынады.

10. Егер осы баптармен уәкілетті органға жылдық есептілікті ұсыну көзделген болса, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің Банктер туралы заңның 54-1, Сақтандыру қызметі туралы заңның 74-1-баптарында көзделген өткен жылдың төртінші тоқсанындағы есептілікті ұсынуы талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 229 қаулысына
1-қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан
Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға
болып табылатын ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы
мәліметтер**

Есепті кезең: 20__ жыл үшін

Индекс: ЖТІҚ_Н1

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынатындар: банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде.

Нысан

(ірі қатысушының тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

№	Кірістер мен мүлік түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Алдыңғы есепті кезеңде		Есепті кезеңде	
			Саны	Сомасы (мың теңгемен)	Саны	Сомасы (мың теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7
1.	Есепті кезеңде алынған кірістер:		X		X	
1.1	Жалақы		X		X	

1.2	Дивидендтер және ұйымдардың жарғылық капиталында қатысу үлестерінен (акциялардан) кіріс		X		X	
1.3	Салымдар бойынша сыйақы		X		X	
1.4	Мүлікті жалға беруден түскен кіріс		X		X	
1.5	Кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс		X		X	
1.6	Мүлікті сатудан түскен кіріс		X		X	
1.7	Кірістің басқа түрлері (талдамасымен бірге)		X		X	
1.7.1						
1.7.						
п.						
2.	Мүлік:					
	А қ ш а :		X		X	
	ұлттық валютада, оның ішінде:		X		X	
2.1	қолма-қол ақшамен банк шоттарында		X		X	
	шетел валютасында, оның ішінде:		X		X	
	қолма-қол ақшамен банк шоттарында		X		X	
2.2	Жылжымайтын мүлік					
2.3	Өзге мүлік (талдамасымен бірге)					
2.3.1						
2.3.						
п.						
2.4	банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы акцияларына (қатысу үлестеріне) иелік ететін ұйымдардың атауы	Акциялар санының ұйымдардың дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы / ұйымдарда қатысу үлесі	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
2.4.1						
2.4.						
п.						

Қолы _____

Күні _____

"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға

болып табылатын ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 54-1-бабының 3-тармағына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 74-1-бабының 2-1-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы жыл сайын жасайды.

4. Қағаз тасымалдағыштағы нысанға банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Есепті кезең ретінде есепті жыл көрсетіледі. Егер есеп беруші тұлға есепті жыл ішінде ірі қатысушы мәртебесін алғаш рет иеленген болса, онда есепті кезең ретінде ірі қатысушы мәртебесін иеленген сәттен бастап есепті жыл аяқталғанға дейінгі кезең көрсетіледі.

6. Нысан банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді көрсетеді.

7. 3-бағанда 1, 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 2.1-жолдар бойынша "Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар" 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес валютаның әріптік коды көрсетіледі.

8. 4 және 6-бағандар 1, 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 2.1-жолдар бойынша толтырылмайды.

9. 1.7.1-1.7.n жолдарында 1.1-1.6-жолдарда көрсетілмеген кірістердің өзге түрлері көрсетіледі.

10. 2.3.1-2.3.n жолдарында 2.1, 2.2-жолдарда көрсетілмеген өзге мүлік көрсетіледі.

11. 2.4.1-2.4.n. жолдары бойынша:

1) 2-бағанда банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы жай және (немесе) артықшылықты акциялардың және (немесе) қатысу үлестерінің біреуіне және одан көбіне тікелей иелік ететін ұйымдардың атаулары көрсетіледі;

2) 3-бағанда, егер Түсіндірменің 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйым акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, акциялар санының ұйымдардың дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы көрсетіледі, егер Түсіндірменің 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, ұйымдардың жарғылық капиталдарында қатысу үлесі көрсетіледі.

12. 5 және 7-бағандар мың теңгемен толтырылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 229 қаулысына
2-қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан
Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға
болып табылатын ірі қатысушысы туралы мәліметтер**

Есепті кезең: 20__ жыл үшін

Индекс: ЖТІҚ_Н2

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынатындар: банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде

Нысан

(ірі қатысушының тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

1-кесте. Есеп беруші тұлға туралы мәліметтер:

1	Тұрғылықты жері (мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы)		
2	Есеп беруші тұлға ірі қатысушы болып табылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атауы		
3	Жеке куәлігі (төлқұжаты) (сериясы, нөмірі, кіммен және қашан берілді)		
4	Жеке сәйкестендіру нөмірі		
5	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдайтын шешімдерге ықпалын жүзеге асыру туралы мәліметтер:	басқа тұлғалармен бірлесіп, олардың арасында жасалған шарт күшімен	өзге тәсілмен
1 2		3	4

2-кесте. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі жарғылық капиталдарда қатысу үлестерін (акцияларын) көрсете отырып, оның ұйымдардағы лауазымдары туралы мәліметтер

№	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Ұйымның атауы	Лауазымы	Ұйымның атауын көрсете отырып, сатып алынған акциялардың қатысу сомасы (құны) (мың теңгемен)	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталда қатысу үлесі (пайызбен)			
					дербес		бірлесіп	
1	2	3	4	5	тікелей	жанама	пайыз	ұйымның атауы /жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)
					6	7	8	9

3-кесте. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысына тиесілі ұйымдардың жарғылық капиталдарында қатысу үлестері (акциялары), сондай-ақ оларды иелену көздері туралы мәліметтер

№	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Жарғылық капиталындағы қатысу үлестері немесе акциялары қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі ұйымның атауы	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталына қатысу сомасы/оның ірі қатысушысына тиесілі акциялардың құны (мың теңгемен)	Акциялар саны	Қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталда қатысу үлесі (пайызбен)	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі жарғылық капиталда қатысу үлестерін немесе акцияларын иеленуге арналған қаражат көздері

4-кесте. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының жақын туыстары, жұбайы және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, сондай-ақ осы тұлғалар бақылайтын ұйымдар туралы мәліметтер

№	Сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының жақын туысының, жұбайының (зайыбының) немесе жұбайының (зайыбының) жақын	Туыстық дәрежесі	Жақын туысы, жұбайы немесе жұбайының (зайыбының) жақын туысы бақылайтын ұйымның атауы	
				Тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының	

	резиденттері еместер үшін)	туысының тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты)		Ұйымның атауы	жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталында қатысу үлесі (пайызбен)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Ірі қатысушының жақын туысының, жұбайының (зайыбының) немесе жұбайының (зайыбының) жақын туысының банктегі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы лауазымы	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталда қатысу сомасы/сатып алынған акцияларының құны (мың теңгемен)	Жақын туысына, жұбайына немесе жұбайының (зайыбының) жақын туысына тиесілі акциялар санының банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы (пайызбен)			
		дербес		бірлесіп	
		тікелей	жанама	пайыз	ұйымның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)
7	8	9	10	11	12

Қолы _____

Күні _____

"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы туралы мәліметтер

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 54-1-бабының 3-тармағына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 74-1-бабының 2-1-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4

шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы жыл сайын жасайды.

4. Қағаз тасымалдағыштағы нысанға банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Есепті кезең ретінде есепті жыл көрсетіледі. Егер есеп беруші тұлға есепті жыл ішінде ірі қатысушы мәртебесін алғаш рет иеленген болса, онда есепті кезең ретінде ірі қатысушы мәртебесін иеленген сәттен бастап есепті жыл аяқталғанға дейінгі кезең көрсетіледі.

6. Егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімдер қабылдауына дербес ықпал ететін болған жағдайда 1-кестенің 5-жолы бойынша мәліметтер толтырылмайды.

7. Егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімдер қабылдауына дербес ықпал етпейтін болған жағдайда:

1) 3-бағанда есеп беруші тұлға ірі қатысушы болып табылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атаулары көрсетіледі;

2) егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімдер қабылдауына басқа тұлғалармен бірлесе отырып, өздерінің арасындағы шарттың күшіне қарай ықпал ететін болса, онда 4-бағанда осы тұлғалар көрсетіледі;

3) егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімдер қабылдауына басқаша, оның ішінде осындай ықпал ету мүмкіндігі айқындалатын өкілеттіктер берумен ықпал ететін болса, онда 4-бағанда тиісті мәліметтер көрсетіледі.

8. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының жақын туысы, ері (зайыбы) немесе ерінің (зайыбының) жақын туысы ұйымда лауазым атқарған және (немесе) оның жарғылық капиталында қатысу үлестері (акциялары) болған жағдайларда 4-кестеде мәліметтер көрсетіледі.

2, 3, 4-кестелерде есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қызметінің түрлері туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымшада мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді, орыс тіліндегі мәтіні редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2014 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: 20 __ жыл үшін

Индекс: БСХЗТ ІҚ_НЗ

Кезеңділігі: тоқсандық

Ұсынатындар: Қазақстан Республикасының резиденттері еместерді қоспағанда, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі* – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде

* Банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында банк холдингі, сақтандыру холдингі болмаған жағдайда банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ұсынатын мерзім – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кеш емес

Нысан

1-кесте. Есеп беруші ұйым туралы мәліметтер:

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі			
Есеп беруші тұлғаның атауы	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Орналасқан жері (почталық және заңды мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық мекенжайы)	Уәкілетті органның банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімінің деректемелері
1	2	3	4

2-кесте. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер

Лауазымды тұлғаның атауы	Лауазымды тұлға қызмет атқаратын не жай және/немесе артықшылықты акциялардың және/немесе қатысу үлестерінің біреуіне және одан көбіне тікелей иелік ететін ұйым туралы мәліметтер	Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе ұйымның жарғылық	
		Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе ұйымның жарғылық	Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе ұйымның жарғылық
Лауазымды тұлғаның атауы	Лауазымды тұлға қызмет атқаратын не жай және/немесе артықшылықты акциялардың және/немесе қатысу үлестерінің біреуіне және одан көбіне тікелей иелік ететін ұйым туралы мәліметтер	Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе ұйымның жарғылық	Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе ұйымның жарғылық

№	резиденттері еместер үшін)	тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты)	Ұйымның атауы	Ұйымдағы лауазымы	Жарғылық капиталда қатысу сомасы/ сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)	капиталында қатысу үлесі (пайызбен)			
						дербес		бірлесіп	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
						тікелей	жанама	пайыз	заңды тұлғаның атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)

3-кесте. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің қатысушылары (акционерлері) туралы мәліметтер (банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушылары (ірі акционерлері) болып табылатын ұйымдарды қоспағанда)

№	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Ұйымның атауы / жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)	Акцияларды қатысу үлесін иелену күні	Жарғылық капиталда қатысу сомасы/ сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)	Тиесілі акциялар саны	Тиесілі акциялар санының банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталында қатысу үлесі (пайызбен)			
						дербес		бірлесіп	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
						тікелей	жанама	пайыз	ұйымның атауы / жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)

4-кесте. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталында қатысу үлестерін (акцияларды) сатып алу үшін қарыздар алуы туралы мәліметтер

№	Қарыз берген ұйым/жеке тұлға	Акциялары (жарғылық капиталында қатысу үлесі) қарыз есебінен сатып алынған ұйым	Жарғылық	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі,

1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Ұйымның атауы	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Ұйымның атауы	Қарыз сомасы (мың теңгемен)	капиталда қатысу сомасы / сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)	Акциялар саны	сақтандыру холдингі сатып алған акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталында қатысу үлесі (пайызбен)

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

_____ (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____

_____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Қол қойылған күні 20__ жылғы " ____ " _____.

Мөр орны

"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қызметінің түрлері туралы мәліметтер" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қызметінің түрлері туралы мәліметтер

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қызметінің түрлері туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 54-1-бабының 3-тармағына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 74-1-бабының 2-1-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі тоқсан сайын жасайды және есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде ұсынады. Банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында банк холдингі, сақтандыру холдингі болмаған жағдайда қаржы ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы ұсынатын мерзім – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кеш емес.

4. Қағаз тасымалдағыштағы нысан есеп беруші тұлғаның мөрімен бекітіледі, оған бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер мен орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кестенің 4-бағанында банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге жазбаша келісімді берген уәкілетті органның атауы, жазбаша келісімнің нысаны, нөмірі, күні көрсетіледі.

6. Егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің лауазымды тұлғасы 2-кестенің 4-бағанында көрсетілген ұйымда лауазым атқармайтын не оның акцияларына (қатысу үлестеріне) ие болмаса, 5-баған не 6,7, 8, 9, 10-бағандар толтырылмайды.

1. 7. 3-кестенің 7-бағаны егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған жағдайда толтырылады.

8. 4-кестенің 8-бағаны егер банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 229 қаулысына
4-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға

болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер Есепті кезең: 20__ жылғы ____ тоқсан

Индекс: ЗТБСХ ІҚ_Н4

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатындар: Қазақстан Республикасының резиденттері еместерді қоспағанда, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі* – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде

* Банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында банк холдингі, сақтандыру холдингі болмаған жағдайда банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ұсынатын мерзім – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кеш емес

нысан

(есеп беруші тұлғаның атауы)

№	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін)	Заңды тұлғаның атауы	Қызмет түрінің сипаттамасы	Сатып алынған акциялардың қатысу сомасы (құны) (мың теңгемен)			Акциялар саны (дана)		Банктің, сақтандыру (сақтандыру) ұйымының тұлға болып табыла қатысушысына, холдингіне, сақта холдингіне тиесілі а санының эмитен орналастырылған акцияларының жалпы ара қатынасы немесе тұлғаның жарғы капиталында қатысу пайызбен)		
				Номиналды (сатып алу)	Баланстық (нетто)	оның ішінде провизиялар	Жай	артықшылықты	дербес	бірлесі	тікелей
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____

(лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Қол қойылған күні 20 __ жылғы " __ " _____.

Мөр орны

"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 54-1-бабының 3-тармағына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 74-1-бабының 2-1-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан тоқсан сайын жасалады және есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде ұсынылады. Банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында банк холдингі, сақтандыру холдингі болмаған жағдайда банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы ұсынатын мерзім – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кеш емес.

4. Қағаз тасымалдағыштағы нысан есеп беруші тұлғаның мөрімен бекітіледі, оған бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер мен орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-баған 3-бағанда көрсетілген, капиталында банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі қатысатын заңды тұлға қызметінің сипаты бойынша толтырылады. 7-бағанда резервтер (провизиялар) сомасы абсолюттік мәнінде және плюс белгісімен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 229 қаулысына
5-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушылары (акционерлері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер, сондай-ақ үлестес тұлғалар туралы, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысын, банк холдингін, сақтандыру холдингін бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысын, банк холдингін, сақтандыру холдингін бақылайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы мәліметтер

Есепті кезең: 20__ жылғы ____ тоқсан

Индекс: БСХЗТ ІҚ_Н5

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатындар: Қазақстан Республикасының резиденттері еместерді қоспағанда, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі* – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде

* Банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында банк холдингі, сақтандыру холдингі болмаған жағдайда банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ұсынатын мерзім – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кеш емес

Нысан

(есеп беруші тұлғаның атауы)

